

Түркістан қаласы
«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені
Әдістемелік кеңес отырысының
№ 1 хат. амасы

2022 ж. «27» тамыз
Қатысқандар: 42 адам
Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысына қысқаша талдау жасау.
2. 2022-2023 оқу жылындағы Әдістемелік нұсқау хат жаңалықтарымен таныстыру, титул, тізім бекіту, педагогтардың апталық жүктемелерін бекіту, пән кабинеттерінің оқу жылына дайындығы мен кабинеттерге паспорт беру туралы.
3. Лауазымдық міндеттерді бөлу, таныстыру.
4. 2022-2023 жылы кезекті /кезектен тыс/ аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Р.Т. Куатбекова ұжыммен амандасып, күн тәртібінде қаралатын сұрақтармен таныстырды.

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысына қысқаша талдау жасау.
2. 2022-2023 оқу жылындағы Әдістемелік нұсқау хат жаңалықтарымен таныстыру, титул, тізім бекіту, педагогтардың апталық жүктемелерін бекіту, пән кабинеттерінің оқу жылына дайындығы мен кабинеттерге паспорт беру туралы.
3. Лауазымдық міндеттерді бөлу, таныстыру.
4. 2022-2023 жылы кезекті /кезектен тыс/ аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Р.Т. Куатбекова сөз алды. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы жақсы, жүйелі түрде жүргізілді. Оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орындар алып келді. Бұл мақтанарлық жағдай – деді.

Тыңдалды:

Екінші сұрақ бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Бимурзаева сөз алды. Ол өз сөзінде 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат жаңалықтарымен таныстырды, титул, тізім бекітуге, педагогтардың апталық жүктемелерін бекітуге, пән кабинеттерінің оқу жылына дайындығы мен кабинеттерге паспорт беруге ұсыныс жасады. Әр пән мұғаліміне 16 сағат апталық жүктемеден кем емес сағаттар берілді және қосымша факультативтік сағаттар берілді. Бастауыш және пән мұғалімдеріне сынып жетекшілік тағайындалды- деді.

Шешім:

титул, тізім, педагогтардың апталық жүктемелері, пән кабинеттерінің оқу жылына дайындығы мен кабинеттерге паспорт беру бі. ауыздан бекітілді.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Р.Т. Куатбекова сөз алды. Ол өз сөзінде мектеп әкімшілігінің лауазымдық міндеттерді бөліп, таныстырды: Мектеп директорының:

- Мектептегі білім беру, тәрбие, шаруашылық және қаржылық қызметінің ұйымдастырылуына, өз орынбасарларының, мамандар мен қызмет көрсетуші қызметкерлердің жұмысына басшылық жасайды;
- Мектеп педагогикалық ұжымын жалпы басқаруды жүзеге асырады;
- Кадрларды ұтымдылықпен таңдап, жұмысқа қабылдау мен орнықтыруды қамтамасыз

етеді;

- Ұжымның ғылыми-зерттеу қызметін басқарады, білікті мамандар мен тәжірибелі мамандарды тарту арқылы сынақтан өткізу технологияларын әзірлеп, жетілдіреді;
- Мектеп қызметін жүргізу мен дамытуға қолайлы жағдай тудыру жағын басқарады;

- Оқушыларға мектеп асханасында сапалы ыстық тамақ берілуін ұйымдастырады;
- Мектептің оқу-материалдық базасын нығайтады, оның сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жеке лауазымдық міндеттері

1. Жалпы ереже

1.1. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне педагогикалық жоғары білімді, басқару қызметінің психология-педагогикалық дайындық курсынан өткен, педагогикалық қызмет өтілі үш жылдан кем емес маманды мектеп директорының ұсынысымен қалалық білім басқармасы тағайындайды және босатады.

1.2. Оқу ісі жөніндегі орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.

1.3. Оқу ісі жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады: пән мұғалімдері, зертхана меңгерушілері.

1.4. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары өзінің қызметінде ҚР Конституциясымен заңдарын, ҚР Президентінің бұйрықтары мен жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен Білім министрлігінің шешімдерін, білім беру мекемелерінің нұсқауларын, еңбек заңдылықтары мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы ережелерді, мектеп Жарғысын басшылыққа алады. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары "Бала құқығы туралы" БҰҰ Конвенциясын қатаң сақтайды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жеке лауазымдық міндеттері

1.1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне педагогикалық жоғары білімді, басқару қызметінің психология-педагогикалық дайындық курсынан өткен, тәрбие саласында өтілі үш жылдан кем емес маманды мектеп директорының ұсынысымен қалалық білім басқармасы тағайындайды және босатады. Еңбек демалысы немесе еңбекке жарамсыздық кезінде оның міндетін уақытша атқару мектеп директорының құқық бұзушылықтың алдын алу ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

1.2. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.

1.3. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға тікелей бағынады: пән мұғалімдері, зертхана меңгерушілері, үйірме жетекшілері, тәлімгер, психолог, әлеуметтік педагог.

1.4. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өзінің қызметінде ҚР Конституциясымен заңдарын, ҚР Президентінің бұйрықтары мен жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен Білім министрлігінің шешімдерін, білім беру мекемелерінің нұсқауларын, еңбек заңдылықтары мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы ережелерді, мектеп Жарғысын басшылыққа алады. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясын қатаң сақтайды.

2. Атқаратын қызметі

Негізгі бағыттары:

2.1. Тәрбие процесіне әдістемелік басшылық жасау.

2.2. Оқушылармен мектептен, сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру.

3. Лауазымдық міндеттері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына төмендегі міндеттер жүктеледі:

3.1. Мектептің даму бағыты, ерекшеліктерін, педагогтардың мүмкіндігі, оқушылардың тәрбиелік деңгейін негізге ала отырып, тәрбие жұмысының жүйесін жасап, қалыптастыру.

3.2. Сынып, үйірме жетекшілерінің, психологтың, тәлімгерлердің тәрбиелік іс-әрекетін жаңа модель тұрғысына бейімдеу, тәрбиелік және дамытушылық маңызы бар іс-шаралар ұйымдастыру, бақылау, жасау.

3.3. Тәрбие үрдісінің дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, оқушылармен жүргізілетін жұмыстар бағдарламасын. ағымдағы және алдағы тәрбие үрдісін жоспарлау, тәрбие іс-шаралар кестесін жасау.

3.4. Оқушылардың тәрбиелік деңгейін айқындау. Жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында оның жанұясымен байланысты қамтамасыз ету.

3.5. Оқушыларды тәрбиелеуде бірігіп жұмыс істеу үшін, мектеп пен мектептен тыс мекемелердің, шығармашылық ұжымдардың байланысын нығайту. басшылық жасайды.

3.23. Дене шынықтыру, өнер, өзін-өзі тану пәндерінің, орыс бөліміндегі бастауыш сынып, үйірме сағаттарының өту барысын қадағалайды, талдайды.

3.24. «Қамқорлық» кеңесінің жұмысына басшылық жасайды.

Мектеп психологы жеке лауазымдық міндеттері

1. Жалпы ереже

1.1. Жоғары психологиялық білімі бар мамандар мектеп психологы болып бекітіледі және белгіленген тәртіппен босатылады.

1.2 Мектеп психологы тікелей мектеп директорына бағынады.


1.3 Мектеп психологі өзінің қызметінде ҚР Конституциясымен заңдарын, ҚР Президентінің бұйрықтары мен жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен Білім министрілігінің шешімдерін, білім беру мекемелерінің нұсқауларын, еңбек заңдылықтары мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы ережелерді, мектеп Жарғысын басшылыққа алады. Мектеп психологі «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясын қатаң сақтайды. Осы жоғарыда аталған міндеттер мектеп әкімшілігінің жеке міндеттері болып табылады- деді.


Шешім: Мектеп әкімшілігінің лауазымдық міндеттері бірауыздан бекітілді.

Тыңдалды: Келесі сөзді мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасры А.Бимурзаева алды. Ол өз сөзінде бүгінгі әдістемелік кеңестің бесінші сұрағы 2022-2023 жылы кезекті /кезектен тыс/ аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау болып табылатындығын айтты. 2022-2023 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Унгарбаева, бастауыш сынып мұғалімі Г.Жадилова, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Г.Сарымбетова, Қ.Шалқаров, Ә.Нұртазаев кезекті аттестаттаудан өтетіндіктерін ескертіп, БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы 192 бұйрығымен, біліктіліктестілеудің шекті баллдарымен және портфолиоға қойылатын талаптармен таныстырып, портфолиоларын алдын ала дайындауларын сұрады.

Шешім:

2022-2023 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Унгарбаева, бастауыш сынып мұғалімі Г.Жадилова, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Г.Сарымбетова, Қ.Шалқаров, Ә.Нұртазаев кезекті аттестаттаудан өту үшін дайындық жұмыстарын жүргізсін.

Кеңес төрайымы:  Р.Т. Куатбекова

Кеңес хатшысы:  Г.Орынбаева

